





***Қазақ  
халқының  
әншілік-өнері!!!***



**Қазақтың ән өнері – сонау көне заманнан бері қалыптасқан халқымыздың асыл қазынасы, фольклордың музыкалық саласының бір тармағын құрайды. Фольклор деген сөз ағылшын тілінен алынған. Ол «халық даналығы, халық білімі, халықтың ауызша шығарған туындылары» деген мағынаны білдіреді. Фольклор шығармалары халықтың әр дәуірдегі тұрмыс – салтымен, наным – сенімімен, күнделікті тіршілігімен тығыз байланыста туады. Оларда өмірде болып өткеннің ғана емес, халықтың «осылай болса екен» деген арман, үміттері де бейнеленіп, табиғат, өмір құбылыстарына баға беріледі.**





**Қазақтың ұлы ақыны Абай да ән мен  
күйдің құдіретін жырлап:**

**Құлақтан кіріп, бойды алар**

**Жақсы ән мен тәтті күй.**


**Көңілге түрлі ой салар**

**Әнді сүйсең, менше сүй – деген.**



**Өз мазмұны бойынша, тұрмыстағы орнына сай қазақтың халық әндері бірнеше түрге бөлінеді:**


- 1. Халықтың ескілікті наным – сенімінен туған әндер.**
- 2. Еңбек пен шаруашылық кәсібіне байланысты туған әндер.**
- 3. Тұрмыс – салт әндері.**
- 4. Эпикалық жырлар.**
- 5. Тарихи әндер.**
- 6. Лирикалық әндер.**
- 7. Айтыс**

The background features a stylized piano keyboard with black and white keys. Red musical notes and a treble clef are scattered across the scene, appearing to float above and below the keyboard. The overall color palette is warm, with shades of pink, orange, and yellow. The text is centered in a bold, black, sans-serif font.

**Халықтың ескілікті наным – сенімінен туған әндер. Жаратылыс дүниесінің толып жатқан құпия сырларына табыну, табиғат құбылыстарының дүлей күшінен қорқып, соған еріксіз сыйынып, жалбарынудан туған әндер тобына Бақсылар сарыны, Бәдік, Арбау әндері жатады. Адам баласы табиғаттың қорқыныш тудыратын үрейлі құбылыстарының бәрін тәңірге санап, күнге, бұлтқа, желге табынып келген.**



# Еңбек және шаруашылық әндері



Халықтың ән шығармаларының ең көне жанрының бірі – еңбек жырлары – ел тұрмысының шындық суреттемесін, қарапайым шаруалардың күнделікті өмірін бейнелейді. Еңбек және шаруашылыққа байланысты туған өлең – жырларға төрт түлік туралы, аңшылық және наурыз әндері жатады. Еңбек және шаруашылық өлең – жырларының ішіндегі ең көп тарағаны – төрт түлік мал туралысы. Қазақ халқының негізгі тіршілік күн көрісі мал шаруашылығы болды. Төрт түлікке жылқы, қой, сиыр және түйе жатады. Шаруаның малды жоғары бағалағаны сонша, тіпті ең асыл, ең қымбатты адамдарын солармен теңейтін. Мысалы, сұлу, келбетті, үлкен көзді қызды «Ботагөз», мықты, сымбатты жігітті, «Жігіттің нары» деп атады. Анасы баланы еркелетіп «қозым», «ботам», «құлыным» дейді. Кездескен кісілердің «Мал – жан аман ба?» деп сұрауы дамалдың ел тұрмысында келелі орын алатындығының белгісі. Сондықтан да мал жайында көптеген мақал – мәтелдердің қалуы да тегін емес. Халық ертеден әрбір малдың өзінше әулие иесі, бабалары бар деп сенді. Сол себепті мал

Қазақ даласында ислам діні орнағаннан кейін, Наурызды исламның «рамазан» мейрамымен бірге өткізетін болған. Жастар сол мейрам күндері әр үйді аралап, жарапазан айтып, отау иелерін мадақтаған. Оларға молшылық, тоқшылық тілеген. Сол мадақтағаны үшін жарапазаншыларға не түрлі сыйлықтар беретін. Осындай жарапазан үлгісі ретінде «Айтамын жарпазан» әнін келтіреміз:



# Үйлену тойының әндері

Үйлену той әдетте бірнеше күнге созылып, оған барлық ауыл мен көршілес жұрттың адамдары шақырылатын. Үйлену тойының ең бір қызықты кезеңі – жар – жар айту. Бұл әндер кейбір өзіндік ерекшелігімен айтысқа жақын келеді. Жар – жар жігіттер мен қыздар арасында сайыс ретінде орындалатын. Бұрынғы заманда қыздар өз еркімен сүйген жарына қосыла алмай, әке – шешесінің ұйғаруымен тұрмысқа шыққан кезде, жар – жар қыздың қайғы, шер, мұңын белгілеген.





**Үйлену тойының тағы бір жанрлық түрі – қыз сыңсу. Бұл той салтанатты аяқталып, қызды жаңа қонысқа жөнелтер кезде қалыңдықтың айтатын әні. Ұзатылған қыз артында қалып бара жатқан туған елі, жерімен қоштасады. Өзінің шер – мұңын, әке – шешесінен айрылу қасіретін, жат жұртқа кетудің ауырлығын айтып, зарланады. Сыңсу жырында да қыз өзінің қоғамдағы теңсіздігін, қалың малға сатылып, еріксіз кетіп бара жатқанын айтып, өксиді. Бірақ сыңсу айтыларда ешбір адамның оған жұбату сөз айтуға қақысы болмаған:**



Үйлену тойының дәстүрлі әндерінің бірі – беташар. Бұл ән келін күйеуінің ауылына келіп, жаңа үйге түскен кезде айтылатын жыр. Қазақтың көне дәстүріне байланысты жаңадан түскен келіннің бетін көрсетпей, желекпен жабады. Бет ашу дәстүріне үлкен мән берілетін. Сондықтан бұл жырды орындау үшін арнайы шешен ақын шақырылып, ол жиналған топқа келіннің бетін әнмен ашады. Беташар мазмұны бойынша жаңа түскен келінге бұрынның қалыптасқан әдет – ғұрыпқа бай өз заманына лайықты, жаңа өмірге аяқ басып отырған жас әйелге тәлім – тәрбие беру тілегімен байланысты. Жырда ата – енесі, қайындарымен қарым – қатынастарын, жас келіннің міндеттерін айтып, әзіл кеңестер беріледі:

**Жоқтау** – тұрмыс–салт жырларының ішіндегі ең толық сақталған түрі. Алғашқыда өлген адамды шығарып салу дәстүріне байланысты болса, кейіннен жоқтау басқа да халық әндеріне еніп кеткен. Мысалы, жоқтауға тән қасиет сыңсу әніне де тән; жоқтау жырының кейбір белгілері лирикалық және эпостық жырларда да кездеседі. Академик Қ. Жұмалиев жоқтауды тура лирикалық жыр деп атайды. Оның ойынша, егер лирикалық жанрға күйініш – сүйінішті суреттеу негізгі шарт болса, жоқтау да тыңдаушының, айтушының қаралы көңіл – күйін білдіреді. Кейбір жерлерде жоқтау әндерін «дауыс» немесе «жылау» деп те атайды.

## Лирикалық әндер

Халық композиторлары мен ауызекі ән шығармашылығында лирикалық әндердің түрлері ерекше орын алады. Бұл әндер өзінің музыкалық байлығы, әсем де әсерлі ән-әуезімен көркем-өнердің жоғары дәрежелі үлгісі болып саналады.


## Махаббат лирикасы және табиғат

Махаббат лирикасының мазмұны мен тақырыбы әр алуанда өте бай. Мысалы «**Балқадіша**» әнін айтуға болады, онда сүйген қызынан айрылып қалған күйініш сезімін бейнелейді.

Қазақтың бай табиғаты халық ақындары мен композиторларын әдеби-музыкалық суреттерді шырқауға шабыттандырды. Табиғат суреттері адамның шындық өмірімен оның ой-толғауларына, шаттығымен күйінішіне тығыз байланыста туды.

Табиғат лирикасының тағы бір әдемі үлгісі- «**Япырай**» әні.

Қазақ ән-өнерінің тарихи тек-тамырына әзірше байсалды барлау жасала қойған жоқ. Қазіргі танымның деңгейі „ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама" кезінде туған „Елім-ай" әнінен әріге бойлай алмай келеді. Аспапты музыка ретінде оқшау жанр болып орныққан қазақ күйлерінің мың жылдық, тіптен одан да көне ("Ақсақ құлан", „Қорқыт", „Ел айрылған", т. б.) тарихының бары белгілі. Бұл жағдайлар ән өнерінің де тек-тамырын аршуға ынтықтыра түссе керек. Басқасын былай қойғанда, XVIII—XIX ғасырлар мен XX ғасыр басында дүниеге келген әндердің тек қана әуендік ерекшеліктеріне ден қойып қоймай, оларды уақытпен шендестіре қарауға мән беретін кез келген сияқты. Әсіресе, музыка мен сөз өнерінің XIX ғасырда аста-төк болып ақтарылып, қазақ халқының рухани әлемдегі айырықша жаңғыруында сыр бар. Ең кереметі, шын мәніндегі төлтумалық (самобытний) сипаттарымен ұлттық мәдени болмысты даралап, біржолата орнықтыратындай қуатқа қандай тарихи-әлеуметтік жағдай себеп болды.



Музыка зерттеуші белгілі совет ғалымы В. Виноградовтың түркі халықтары музыкасын тарихи бітім тұрғысында жүйелеуі назар аударады. В. Виноградов түркі халықтарының музыкалық фольклорын сарапай отырып, мынадай бес жүйе ұсыныпты:


- 1) музыкалық байланысы бар армян-азербайжандар;
- 2) музыкасында монғол және мари музыкасына ұқсас қасиеттер бар татарлар, башқұрттар, кейбір алтай жұрттары, ойраттар, тувалар;
- 3) тәжік музыкасына ұқсастығы бар өзбектер;
- 4) қазақтар мен түркімендер;
- 5) қырғыздар мен хакастар және бірсыпыра алтай

**Ал бұл әншілер өз тұсында нар — Кемпірбай, сал — Біржан, сері — Ақан, үкілі — Ыбырай сияқты саңлақтардың көзін көріп, әнін тыңдаған. Халықтың асыл өнерін мәңгілік ететін де осы сияқты ұрпақтардың, өнерпаздардың, олардың өнерінің сабақтастығы. Бүгінгі тыңдаушы Мәдениет Ешекеев, Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосынов сынды әншілердің өнерін тыңдағанда кешегі ән өнерінің жарық жұлдыздары Біржан, Ақан, Үкілі Ыбырай, Мұхит, Мәди, Әсет, Әміре, Иса, Кенен, Жүсіпбек, Манарбектер салған ғажайып дәстүрдің жалғасы сияқты қабылдайды.**



**Ойлан  
тап???!!!**





**Әншінің міндеті** — әсем сазды әуенмен  
тыңдаушыға сұлу сезім сыйлау. Бишінің  
міндеті — мінсіз қимылмен көз қуанту.

**Назарларыңызға рахмет!!!**